

«Өнерлі өкілдер» (Бастауыш ұйым өкілдерінің

облыстық байқауы)

Өмірдің ақ қарасы бар демекші біздің ортамызда карангылыққа мойымай, дүниенің жаркын сәттеріне күлаш ұрып жүрген азаматтар аз емес. 18-наурыз күні Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында Түркістан облыстық «Қазак соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Наурыз мерекесі қарсаңында «Қазак соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің құрылғанына 85 жыл толуына орай өнерлі загіп жандардың «Өнерлі өкілдер» атты байқауы өтті. Байқау 5-турдан тұратын іс-шараға Түркістан облысының аудандарынан загіп жандардан құралған бастауыш ұйым өкілдерінен «Серілер» мен «Арулар» командасының 10 өкілі қатысты. Байқауға қатысушылар салт-дәстүрімізді дәріптеп өздерінің бар өнерлерін ортаға салды. Байқаудың I-орын иегері «Арулар» командасы ақшалай (50 000тг), II-орынды «Серілер» командасы ақшалай (30 000тг) иемденді. Іс-шара қонақтары кітапханамыздың жұмысымен танысуға келген депутаттар Н.К.Бекназаров пен А.Ж.Қапбаровалар көш барысында загіп жандармен тілдесіп олардың мүн-мүқтажын тындап, өз ойларын ортаға болісті.



